

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ және мектеп жанындағы «Балбөбек» шағын орталығы

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау комиссиясы отырысының хаттамасы

Мерзімі: 23.05.2024ж.

Қатысқандар:

1. Асанова Қ.А.-мектеп директоры, комиссия төрайымы
2. Қошқарбаев Ж.Қ.-оқу ісінің меңгерушісі, комиссия төрайымының орынбасары
3. Смагулова Ж.Г.-психолог, комиссия мүшесі
4. Ильясова Г.Н.-бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
5. Сагинаева Г.С.-математика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
6. Хатшы- Уткельбаева Г.А.

Күн тәртібі

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысы жөнінде

Тыңдалды

Комиссия төрайымы, мектеп директоры Қ.Асанова сөз алып, күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырып өтті. 2024 жылдың 06 наурыз күні мектепішілік № 35 бұйрық бойынша білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру үшін комиссия құрамы бекітілгенін айтты. Комиссия құрамында 5 (бес) адам бар. Комиссия құрамы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстары жөнінде қорытынды 10 бөлім бойынша жасалды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның жанындағы «Балбөбек» шағын орталығы, Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның бағалауына арналған өлшемшарттар негізге алынып білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының бес деңгейінің бірі анықталды.

Қошқарбаев Ж.Қ.- комиссия төрайымының орынбасары

- ҚР БҒМ 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығынның қосымшасына сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды негізге ала отырып, комиссия өз жұмысын жүзеге асырды. Білім беру ұйымының мақсаты мен міндеттері айқындалды. Педагогтердің сапалық құрамы: жоғары білімді педагог 72 пайызды құрайды, үш жылмен салыстырғанда 3 пайызға артқан. Квалификациялық біліктілік бойынша: 2 санатты-1 педагог, педагог-зерттеуші: 5, педагог-сарапшы: 4, педагог-модератор: 7; өз білімін жетілдіру курсынан өткен педагог 87,5 пайыздық көрсеткішін құрайды. Мектеп басшысы «басшы-ұйымдастырушы» біліктілік санатын 2023 жылы алған. «Балбөбек» шағын орталықта бала саны-30, екі топ, мектепалды даярлық тобында-16, мектепте білім алушы саны-136. Білім сапасының көрсеткіштері: 2-4 сыныптарды- 69,4 пайыз, 5-9 сыныптарды- 51,1 пайыз, 10-11 сыныптарды-85,7, жалпы мектеп бойынша 58,2 пайыз білім сапасын құрайды. 4,9 сынып оқушыларынан кешенді тестілеу алынды, көрсеткіштері: 4а сынып-100%, 9а сынып-83%.

Смагулова Ж.Г.- комиссия мүшесі

- «Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім тұжырымдамасы» білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясын анықтайтын нормативтік-ұйымдастырушылық негіз болып табылғандықтан, біліммен қатар білім беру ұйымындағы тәрбие жұмыстары өз деңгейінде атқарылып келеді. 2023-2024 оқу жылынан бастап ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен 2023 жылдың 19 қыркүйек № 294 бұйрығы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектеп

жоспарына сәйкестендірген. Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы үш құндылықтарды жүзеге асыру мақсатында семинарлар, дөңгелек үстел, конференция, жобалар байқауы, «Даналық мектебі» мүшелерінің кездесуі секілді бірнеше жұмыстар атқарылған. Мектепте «Жас Ұлан», «Жас қыран», «Өзін-өзі басқару», «Оқуға құштар мектеп» жобалары жұмыстарын жүзеге асыруда. Мектептегі Қамқоршылық кеңес жұмысы жүйелі де, тиімді жұмыстар нәтижесін көрсетуде. Сабақтан тыс уақыттарда білім алушылар спорттық үйірмелерге, дзюдо, би, тоқыма, домбыра, вокал үйірмелеріне де белсене қатысып, спорттық және өнер байқауларында оқушылардың нәтижелі көрсеткіштері бар.

Сагинаева Г.С.- комиссия мүшесі

- Мектептің материалдық базасы жылдан-жылға нығайып келеді, компьютер, ноутбук, планшет, интерактивті панельмен қамтылып, сабақ барысында ақпараттық технологияны қолдануға көп септігін қосуда. Интернет желісінің жылдамдығы жоғары. Спорттық инвентарлар да қамтамасыз етілуде. Білім алушылардың жас ерекшелігіне сай парталармен, бастауыш сынып оқушылары жеке киім ілгіш шкафтармен де қамтылып отыр. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте 23 бейнебақылау камералары орнатылған (16-ішкі бейнебақылау, 7- сыртқы бейнебақылау), аудандық ішкі істер полиция бөліміне жалғанған, бейнебақылауда 30,31 күндік сақтау мерзімі бар, дауыстық дабыл түймесі орнатылған, өрт және қауіпсіздік дабылы іске қосылған, мектеп ұжымы турнир арқылы кіріп-шығу карточкаларын қолданады. Әлеуметтік санаттары бойынша мектепте 87 оқушы жаппай біліммен қамту қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр, бастауыш сыныптың барлық оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп асханасында стол, орындықтар жаңартылған, қол жууға арнайы раковиналар жылу су арестонымен жабдықталған. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеті жұмыс атқарады, кедергісіз аймақ бойынша пандус, шақыру кнопкасы, тактильді плитка, даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнайы тазалық бөлмесі бар.

Ильясова Г.Н.- комиссия мүшесі

Білім беру ұйымының құрылтайшылық құжаттары: Мектеп атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2021 жылдың 19 қаңтар күні Ақмола облысы әділет департаменті Целиноград ауданаралық әділет басқармасында заңды тұлға ретінде қайта мемлекеттік тіркеуден өтті, БИН 020840000884.

Мекен-жайы: Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жантеке ауылы, Жакен Шаяхметов көшесі 1

Мектептің байланыс деректері: 87163733638, kzylytus@mail.ru

Мектеп басшысы: Асанова Карлыгаш Абдулхамитовна, 87780820112

Мектеп жарғысы: Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/1 қаулысымен бекітілген

Білім беру қызметінің лицензиясы: № KZ08LAA00021203, 01.02.2021ж.

Асанова Қ.А.-комиссия төрайымы

- **Өзін-өзі бағалау комиссиясының ұсынысы:** оқушылардың облыстық пәндік олимпиадаларға дайындығын күшейту; үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты нығайту арқылы білім сапасын көтеру; орта буынға ауысқан бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына педагогикалық қолдау көрсету; 5-сыныптың орта буынға бейімделуіне жүйелі жоспар құрып, сараптама жүргізу арқылы жоспарды жүзеге асыру; Lesson study зерттеу жобасы бойынша жаңа топтар құру, сынып жетекшілердің жұмыс жоспарын тиімді жоспарлау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда балалардың жас ерекшелігіне қарай аудандық байқауларға қатысу деңгейін арттыру. 4,9 сынып оқушылары, ата-аналар мен педагогтерден алынған сауалнамадағы кемшіліктерді жою үшін сапалы білім беруде жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету жұмысын күшейту,

мектепшілік бақылау жұмыстарын жүйелі жоспарлау және педагогтер арасында қоғамдастық жұмыстарды арттыру, әр педагогке сенім білдіріп, көшбасшылық қағидасын ұстану.

Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның жанындағы «Балбөбек» шағын орталығы өзін-өзі бағалау өлшемшартының 35 балдық «жақсы» нәтижесін көрсетті. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалау өлшемшартының 49 балдық «жақсы» нәтижесін көрсетті.

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы бойынша «Балбөбек» шағын орталығы және «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысы білім беру қызметінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай.

1.1. Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында қарастырылсын және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.

1.2. Өзін-өзі бағалау комиссиясының ұсыныстары жүзеге асырылсын.



комиссия төрайымы
орынбасары
мүшелері

Асанова Қ. Асанова
Қошқарбаев Ж. Қошқарбаев
Смагулова Ж. Смагулова
Ильясова Г. Ильясова
Сагинаева Г. Сагинаева
Уткельбаева Г. Уткельбаева

Хатшы:

Г. Уткельбаева